

"Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің мәйітін тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 47/ке бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2026 жылғы 30 шілдедегі № 71 ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 31 шілдеде № 39463 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің мәйітін тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2024 жылғы 26 ақпандағы № 47/ке (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34054 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 81-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 19-тармағының 25) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің мәйітін тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды өтеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің мәйітін тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік

органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 81-бабы 1-тармағының екінші бөлігіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 сәуірдегі № 2922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті туралы ереже 19-тармағының 25) тармақшасына сәйкес әзірленді және қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) қызметкерлерінің мәйітін тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды өтеу тәртібін айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұлттық қауіпсіздік органы шығыстарды қызмет өткеру кезінде қаза тапқан немесе мертігу (жаралану, жарақаттану, контузия алу), ауру салдарынан қайтыс болған қызметкердің соңғы қызмет орны бойынша өтеуді жүзеге асырады (бұдан әрі – мекеме)

Шығыстарды өтеу үшін алушы мыналарды ұсынады:

- 1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысанда өтініш;
- 2) қаза болғаны туралы куәліктің немесе хабарламаның көшірмесі;
- 3) алушы құжатының көшірмесі (жеке куәлік немесе (заңды тұлғалар үшін) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеу) туралы анықтама (куәлік) немесе (жеке тұлға үшін) жеке кәсіпкер патент);
- 4) алушының теңгедегі банк шотының нөмірі туралы мәлімет;
- 5) мәйітті тасымалдауға дайындауға, мәйітті тасымалдауға, жерлеуге, құлпытас жасау мен орнатуға байланысты шығыстарды растайтын құжат.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген құжаттар туралы мәліметтер "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету қызметінің Экономика және қаржы департаментіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы

Е. Сагимбаев

“КЕЛІСІЛДІ”

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі
“КЕЛІСІЛДІ”
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК